

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының 2024 жылғы ұжымдық-шарттық жұмыстың қорытындысы туралы

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі құрамында 2025 жылғы 1 қаңтарға 8 647 бастауыш ұйым бар.

Кәсіподақ ұйымдарымен жасалған ұжымдық шарттар саны – 7260. Есепті жылы – 4 933 шарт жасалды, оның ішінде алғаш рет – 128, жалақыны индексациялау шарттары – 1. 2024 жылы жұмыс берушілердің ұжымдық шарттардағы міндеттемелерін орындауға жұмсаған жалпы шығындар саны – 8 253 305 000 теңге, 2023 жылмен салыстырғанда – 1 156 234 000 теңгеге артқан. Ұйымдар ішінде ұжымдық шарт жасамаған 3 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар. Қазіргі кезде олармен келіссөздер жүргізілуде.

Кәсіподақ бар ұйымдардағы қызметкерлер саны 626 159 адамды құрайды. Ұжымдық шарттардың қолданылуы сол ұйымдардың тек 594 421 қызметкеріне ғана таратылған.

Мүшелік ұйымдардың ұжымдық-шарттық жұмыс бойынша есептерінде ұсынылған талдамалық ақпаратқа сәйкес ұжымдық шарттар, әдетте, жеке меншік ұйымдарда, студенттік ұйымдарда және саны аз бастауыш кәсіподақ ұйымдарында жасалмайтыны анықталды.

Ұжымдық шарттардың мазмұнын талдау олардың бөлімдері ең өзекті мәселелерді қамтитынын көрсетеді: еңбекақы төлеу, демалыс және еңбек демалысы, қызметкерлерді жұмыспен қамту, еңбек жағдайлары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қызметкерлер мен олардың отбасыларының сауықтырылуы, әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер, өтемақы төлемдері, медициналық тексеру, кәсіподақ қызметіне кепілдіктер.

Жалпы алғанда, мүшелік ұйымдардың ұжымдық шарттары мазмұны жағынан Кәсіподақтың ұсынымдарына сәйкес келеді және белгіленген мерзімдерде мониторинг мақсатында тіркеуден өтеді.

Ұжымдық шарттардың мазмұны салалық деңгейде оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру салалары қызметкерлерінің еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтылуын және әлеуметтік кепілдіктерін белгілеу бойынша жасалатын Салалық келісімдердің ережелерін кеңейтіп отырады.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу саласында әлі де толық шешімін таппаған мәселелерге төмендегілер жатады:

- жұмыс берушілердің өз міндеттемелерін орындамағаны, салалық келісімдер мен ұжымдық шарттардың жекелеген ережелерінің орындалмауы үшін жауапкершілігінің төмен деңгейі;
- бюджеттік қаржыландырудың шектеулі болуы;

- бюджеттік ұйымдарды шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға және басқа да ұйымдастырушылық құқықтық нысандарға қайта ұйымдастыру процестері;
- жұмыс берушілер тарапынан қарсы әрекеттер, келіссөз процесін созу, шарт талаптарын іріктеп орындау тәсілдері;
- ұжымдық шарттардың орындалу барысын тиісті деңгейде бақылаудың болмауы;
- әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік салалық комиссиялардың тиімділігінің төмендігі.

Ұжымдық шарттың ең негізгі көрсеткіштерінің бірі – онда белгіленген қызметкерлерге арналған әлеуметтік пакет көлемі. Аталған көрсеткіш келесідей:

- Абай облыстық кәсіподақ ұйымы – 3 349 000 000 теңгеден жоғары;
- Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымы – 3 213 815 583 теңге;
- Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы – 1 465 069 678 теңге;
- Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы – 690 131 400 теңге;
- Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы – 670 824 713 теңге;
- Астана қалалық кәсіподақ ұйымы – 547 469 900 теңге;
- Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы – 425 997 237 теңге;
- Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы – 358 699 412 теңге;
- Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы – 316 268 829 теңге;
- Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы – 300 659 015 теңге;
- «Қорғау» Қостанай облыстық кәсіподақ ұйымы – 166 443 489 теңге;
- Алматы қалалық «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы – 140 087 200 теңге;
- Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы – 5 500 000 теңге;
- Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы – 2 500 000 теңге;
- Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымы – 560 168 теңге.

2024 жылғы есептер бойынша Ақмола, Атырау, Жетісу, Ұлытау, «Қамқор» Алматы, Түркістан облыстық ұйымдарында ұжымдық шарттар бойынша шығындар нөл болып көрсетілген. Кейбір ұйымдар статистикалық есептегі 10-бағанның мәліметтерінде қате дерек берген.

2025 жылғы маусымда Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымын тексеру барысында жұмыс берушілердің міндеттерін орындауға 2024 жылы нақты жұмсалған шығын – 1 977 879 900 теңге, бірақ есепте нөл деп көрсетілгені анықталды.

Ұжымдық шарттардың басым бөлігінде қосымша әлеуметтік кепілдіктер мен төлемдер қарастырылғанын айта кеткен жөн. Мысалы, техникалық персоналға еңбек демалысына сауықтыру төлемдері,

демалысқа қосымша ақылы күндер, бухгалтерлерге жалақыға үстемеақылар, коммуналдық қызметтерге өтемақы төлеу, сыйлықақы беру, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге көмек көрсету, балаларды оқытуға арналған несие бөлу және т.б.

Көптеген ұжымдық шарттардың әрекеті тек қол қойған қызметкерлерге, яғни кәсіподақ мүшелеріне ғана таралады (қолданылады), бұл шарттарға ынталандыру рөлін арттырады.

Салалық әлеуметтік әріптестік комиссияларында (Астана қаласы, Қарағанды, Түркістан, Атырау облыстары, Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті және т.б.) қаралған ұйымдарда жасалған келісімдер мен ұжымдық шарттардың сапасы айтарлықтай артты.

Дегенмен, әлеуметтік әріптестік жүйесінде елеулі кемшіліктер мен олқылықтар бар. Кейбір өңірлерде әлеуметтік әріптестік комиссияларының жүйелі жұмысы қамтамасыз етілмеген, комиссия отырыстарында маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелер қаралмайды.

Жекеменшік нысанындағы кейбір ұйымдарда ұжымдық шарттардың болмауы байқалады.

Жұмыс берушілердің келісімдер мен ұжымдық шарттардың талаптарын орындауына қоғамдық бақылау тиісті деңгейде жүргізілмей отыр.

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық инспекторлары жүргізген қоғамдық бақылау барысында кейбір жоғары оқу орындарында салалық келісімнің жекелеген талаптарының орындалмағаны анықталды.

Съезде қабылданған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қызметінің 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасында саладағы әлеуметтік әріптестік жүйесін одан әрі дамыту міндеті қойылған.

Осы міндетті іске асыру үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

- әлеуметтік әріптестік комиссияларының еңбек, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу жөніндегі отырыстарын барлық деңгейде тұрақты өткізу;
- оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесінің құрылымын, жұмыс істеу шарттары мен басқару тетіктерін жетілдіру;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын шарттық реттеу тиімділігін арттыру, соның ішінде нақты нәтижелерге бағытталған ережелерді келісімдер мен ұжымдық шарттарға уақытылы енгізу арқылы;
- келісімдер мен ұжымдық шарттардың тиімділігін мониторингілеу құралдарын әзірлеу, сынақтан өткізу және белсенді қолдану, әлеуметтік әріптестіктің барлық деңгейінде оң тәжірибе деректерін құру;
- әлеуметтік әріптестік процесі мен нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау.

Жалпы алғанда, 2024 жылы мүшелік ұйымдардың басқару органдарына ұжымдық-шарттық жұмысты ұйымдастыру бойынша қойылған міндеттер орындалды. Қызметкерлердің құқықтары ұйымдар деңгейінде тиімді қорғалды, еңбек жағдайлары мен жұмыс орындарындағы қауіпсіздік жақсарды.

**Кәсіподақтың Орталық комитет аппаратының
құқықтық жұмыс, ЕҚЖЕҚ бөлімі**